БЕКІТЕМІН
Шымкент университетінің
ректоры, п.ғ.д., профессор
_____Н.А.Сейткулов
«27» 02 2020ж.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ШУ-10-6-2020

АЛҒЫ СӨЗ

1. Университеттің тәрбие және рухани жаңғыру департаменті және жастар ұйымымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫЛЫП ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер: Тәрбие және рухани жаңғыру департаментінің директоры Култаев Б.Б.
   Жастар ұйымының төрағасы Жолдас Ж.
3. Келісілді: Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректоры Джанабаев Д.Ж.
   Аккредиттеу және сапаны ішкі қамсыздандыру бөлімінің бастығы Шахабаев Е.
4. Шымкент университетінің Ғылыми Кеңесінің «27» 02 2020ж № 8 мәжілісінде талқыланып мақұлданды.
5. Толықтырылып енгізілді 2020 ж
6. Тексерілу мерзімі: 2023 ж

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2020ж.

1.ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Шымкент университеті (бұдан әрі қарай – Университет) «Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ережесі» (бұдан әрі қарай – Ереже) Университет қызметкерлерінің, оқытушы-профессорлар құрамының және студенттері, магистранттарының (бұдан әрі – білім алушылар) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарының тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже - Шымкент университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы»ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары»;

2.3 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

2.4 ҚР- ның Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ

2.5 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығыменбекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілікқағидалары»

2.6 Университет Жарғысы;

2.7 Университеттің Академиялық саясаты.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ШУ- Шымкент университеті

Сыбайлас жемқорлық–Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы нормативтік-құқықтықактілеріне сай мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы;

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық- Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы нормативтік-құқықтықактілеріне сай, өзге заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер.

4.ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаты мен міндеттері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының негізгі мақсаты Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатердің алдын-алу және құқық бұзушылықты азайту шараларын жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаттарына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттердің орындалуы ұйғарылады:

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерді заңнама қағидаларының сақталуын қадағалап орындауға, құқықтық мәдениет пен құқықтық сана-сезім деңгейін көтеруге, университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатына белсенділік сипатын беруге бағытталған ауқымды ағарту шараларын ұйымдастыру және өткізу арқылы профессор-оқытушылар құрамының(бұда әрі қарай –ПОҚ)пен қызметкерлерге, білімгерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және дамыту, сыбайлас жемқорлықтың қандай да болмасын көріністерін қабылдамайтын, сынға алатын ашық түрде жақтырмайтын жағдай туғызу;

– Университеттің құрылымдық бөлімдерінің қызметінің ашық және жариялылық жағдайларында және Университет стратегиялық міндеттерінің орындалуын бақылау және құрылымдық бөлімдердегі сыбайлас жемқорлық көрінісін анықтау үшін сыбайлас жемқорлық қатерлерінің алдын алу және азайту мақсатымен өткерілетін оқу-тәрбие, ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелік деңгейін көтеру;

– сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерді анықтау, оларға тыйым салу мақсатында қатаң жауапкершілікке тарту. Сыбайлас жемқорлықтың ұжымда орын алу жағдайлары мен себептерін анықтай отырып қолайлы, қатерлі тұстарын түзету, оның алдын-алу шараларын, құқықтық сана-сезім деңгейін көтеру;

– сыбайлас жемқорлықтың ұжым арасында терең сипат алуына тосқауыл жасау мақсатында құрметті атақтар мен лауазымды қызметтер атқаруына қарамастан жауапкершілікке тарту;

– сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерге құқық қорғау органдарынан келіп түскен хабарламаларға сүйене отырып, қатаң шаралар қолдану (жұмыстан шығару, мемлекеттік құқық қорғау органдарына жолдау және т.б.) және ол қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлім басшыларын тікелей жауапкершілікке тартуды қарастыру;

– қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қатысқан жағдайда, өздерінің қатаң жазаланатындарын білетіндей үздіксіз ахуал қалыптастыру.

4.2 Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктер

1. Университет қызметкерлерінің, ПОҚ-ының, білім алушыларының және оқу-көмекші қызметкерлерінің құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болмаса, қызметінен төмендетуге, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда, заңда белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде ҚР Еңбек кодексі нормаларына сәйкес тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады.

2. Алғашқы құқық бұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін, бір жылдың ішінде аталған құқық бұзушылықтардың кез келгенін қайталап жасау, заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе өзіне жүктелген міндеттерді атқарудан өзгедей түрде босатуға әкеп соғады.

3. Университет қызметкерлерінің, ПОҚ-ының, білім алушыларының және оқу-көмекші қызметкерлерінің жасаған құқық бұзушылықтары, қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаған жағдайда, заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе қызметтік нұсқауда бекітілген қызметтерді орындауын тоқтатуға негіз болады.

4. Университет қызметкерлерінің, ПОҚ-ының, білім алушыларының және оқу-көмекші қызметкерлері қандай да болсын құқық бұзушылықтарды жасауы жөніндегі ақпаратты, құрамында қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болған жағдайда, Университет басшылығы мемлекеттік құқық қорғау органдарына жолдауға міндетті.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-қимыл жасаған тұлға анықталған жағдайда, тәртіптік жаза теріс қылықтың

жасалғаны анықталған күннен бастап, ҚР қолданыстағы заң нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық фактісі туралы жалған ақпарат хабарлаған адамдарға төмендегідей жауаптылық белгіленеді: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының ұсынуы бойынша тәртіптік ретпен қызметінен босатылады немесе тиісті міндеттерді атқарудан шеттетіледі.

4.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен жолдары

Университеттіңосы Ережесіндегі мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы жұмысын ұйымдастыру;

2) факультеттер мен құрылымдық бөлімдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізіп отыратын белсенді жұмысшы топтарын құру;

3) Ережені жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

4) жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау мақсатында барлық оқу ғимараттарында хабарламалар, арыз-шағымдар салуға арналған сенім жәшіктерін орнату;

5) Университет әкімшілігі, сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл комиссиясының төрағасы мен мүшелері айына бір рет, кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдау жұмысын жүргізуді ұйымдастыру;

6) оқу ғимараттарында, деканаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдастырылған іс-шаралар жайлы мәліметтерді жария ету, стендтер әзірлеу;

7) Университет басшылығының келісімімен қабылдау комиссиясының жұмысын және бакалавриат, магистратура, PhD-докторантураға қабылдау үдерістерінің ережеге сәйкес жүргізілуін бақылау, оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, ағымдық бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттау барысында емтихандарды тапсыру барысының Ережеге сай өтуін бақылауға алу;

8) деканаттар тарапынан жатақханалардағы орындарды бөлу, студенттер мен ата-аналар арасында жариялылық, ашықтық принциптерінің орындалуын бақылауға алу;

9) Университетке бюджеттік және басқа да қызмет көрсету салаларынан түскен қаржылардың жоспарланған бағытта жұмсалуы мен мерзімді, тиімді игерілуін, тауарлар сатып алу және басқада қаржылық аударымдар бойынша тиімсіз пайдалануға, қаржылық тәртіптің бұзылуына жол бермеу және алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының қоғамдық бақылауын орнату;

10) Жастар ұйымымен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл акцияларын өткізу;

11) этикалық және тәртіптік комиссиялардың жұмыстарын жандандыру;

12) «Таза сессия» және тағы басқа тақырыптық шаралар ұйымдастыру.

4.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының функциялары мен өкілеттіктері және оның жұмысын ұйымдастыру

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы (бұдан әрі қарай – Комиссия) Университеттің алқасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссияның міндеттері сыбайлас жемқорлыққа және Университет ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің қызмет этикасын бұзуына қарсы күресті күшейтуге, олардың жауапкершілік

деңгейін арттыруға бағытталған келісілген шараларды талдап-жасау мен қабылдау болып табылады.

3.Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссия төрағадан, оның орынбасарларынан, техникалық хатшыдан және комиссияның өзге де мүшелерінен тұрады.

5. Комиссия құрамын Университет ректоры бекітеді.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдап, Университет басшылығына ұсыну;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жай-күйіне, университет ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің қызмет этикасын бұзушылықтарына жұмысшы тобының мәліметтері мен ақпараттарына сәйкес мониторинг жүргізу және талдау жасау;

– жауапты лауазымдарды атқаратын адамдар жол берген сыбайласжемқорлық құқық бұзушылық фактілері, университет ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің этиканы бұзушылығы туралы азаматтар мен заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды қарау, айына 1 рет жеке азаматтарды қабылдау мен қоғамдық қабылдаулар өткізу, сонымен қатар тәртіптік жазалар қолдануға уәкілеттік берілген адамдарға қызметтік тексеру жүргізу туралы ұсынымдар дайындау.

7. Комиссия өз құзыреті шегінде құқылы:

1) өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттармен материалдарды сұратуға;

2) Университеттің басқарушы лауазымды тұлғаларынан жазбаша түсініктемелерін талап етуге және олардың ауызша түсініктемелерін тыңдауға;

3) өз отырыстарында құрылымдық бөлім басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының орындалуы мәселелері жөніндегі ақпаратын тыңдауға;

4) Университет басшылығына ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсықүрес туралы Заңын орындауды қамтамасыз етпеген, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған, сондай-ақ қызмет этикасы ережелерін бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауаптылығы туралы, тіпті оларды атқаратын қызметінен босатуға дейін, ұсыныстар енгізуге.

8.Комиссия шешімдері отырысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші рөл атқарады.

9. Комиссия өз жұмысына комиссия мүшелері болып табылмайтын мамандарды, сарапшыларды, баспасөз, қоғамдық ұйымдар және саяси партиялар, басқа ұйымдар өкілдерін, жеке және лауазымды тұлғаларды тарта алады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де шақырылуы мүмкін.

10. Комиссия төрағасының қызметі:

1) Комиссия қызметіне басшылық жасайды;

2) оның отырыстарына төрағалық етеді;

11. Төраға болмаған жағдайда, оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

12. Комиссияның техникалық хатшысының қызметтері:

1) Комиссия мүшелерін Комиссия отырысының өтетін мерзімі мен орны туралы хабардар етеді,

2) Комиссия отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;

3) Комиссия отырыстарының хаттамасын жүргізеді;

4) Комиссия шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, әрі бақылаужасайды;

5) Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

13.Университеттің барлық құрылымдық бөлім басшылары Комиссия жүктеген міндеттердің орындалуына көмек көрсетуге міндетті.

КЕЛІСІЛДІ

Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректоры — Джанабаев Д.Ж.

Аккредиттеу және сапаны ішкі қамсыздандыру бөлімінің бастығы — Шахабаев Е.

Танысу парағы

р/с	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы

Өзгерістерді тіркеу парағы

№ к/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдау		Парақ нөмірлері				Барлық бет саны	Өзгерістерді енгізген күн	Өзгерісті жүзеге асыратын тұлға	
	Құжат	Тіркеу №	Өзгертілген	Ауыстырылмаған	Жаңа	Жойылған			Аты-жөні:	Қолы